

Қабылдаушы ата-аналар мектебі

Баланы асырап алуға ниет білдірген отбасылар әрдайым тек заңдық қана емес, сонымен қатар психологиялық және тұрмыстық сипаттағы көптеген сұрақтарға тап болады. Себебі баланың жаңа отбасына бейімделуі үшін барлық ерекшеліктерді ескере отырып, қолайлы жағдай жасау қажет. Осындай мәселелерді шешуге көмектесу үшін қабылдаушы ата-аналар мектептері жұмыс істейді. Мұнда қамқоршы немесе асырап алушы болғысы келетін азаматтар заңдық мәселелермен қатар, асырап алынған баланың мінез-құлқы мен жаңа ортаға бейімделуі туралы қажетті ақпарат ала алады. Оқыту барысында семинарлар, тренингтер, дәрістер, курстар және тәжірибелік сабақтар өткізіледі.

Қабылдаушы баланы тәрбиелеуге шешім қабылдаған азаматтарға мұндай мамандандырылған мекемелер келесі мәселелерді шешуге көмектеседі:

1. Отбасылық орналастыру түрін таңдау;
2. Қажетті құжаттарды дайындау;
3. Бала асырап алу фактісіне дұрыс көзқарас қалыптастыру;
4. Баланың бейімделу кезеңінде көмек көрсету;
5. Баланы жаңа отбасының қабылдауына көмектесу;
6. Баланың мінез-құлқын түсіну.

Қабылдаушы ата-аналарға немесе осындай ниеті бар азаматтарға өз саласында тәжірибесі мол білікті мамандар – әлеуметтік қызметкерлер, психологтар, дәрігерлер мен заңгерлер көмек көрсетеді. Мұндай мектептер еліміздің барлық ірі қалаларында ашылған. Оқыту тегін әрі құпия түрде жүргізіледі. Тыңдаушы ретінде кез келген ересек адам немесе қабылдаушы балаларды тәрбиелеуге шешім қабылдаған ерлі-зайыптылар қатыса алады.

Қабылдаушы ата-аналар мектебі туралы толық ақпарат, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы мектептердің тізімі мен байланыс мәліметтері «Электрондық үкімет» порталында орналастырылған.